

Ж.Қ. Әбжан*, PhD, аға оқытушы¹

Н.Т. Шайкенова, PhD, профессор м.а.²

Т.М. Асқарова, магистр, аға оқытушы¹

Учреждение «Esil University»¹

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

С. Сейффуллин атындағы Қазақ

Агротехникалық университеті²

Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: Zhanetta.kalieva@mail.ru

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ МЕН ЕҢБЕК НАРЫҒЫНЫҢ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫНА КОНЦЕПТУАЛДЫҚ КӨЗҚАРАСТАР

Ғылыми мақалада Қазақстан жастарын жұмысқа орналастыру барысындағы мемлекеттік саясатты қолданудың маңыздылығы мен болашағы қарастырылған. Жастарды жұмысқа орналастыруға анықтама беріле отырып, жастардың өз мамандықтары бойынша жұмыс таба алмау мәселелері айтылған.

Жұмыста жастардың еңбек нарығы инфрақұрылымы ұйымдастыру-құқықтық нысандар, әртүрлі ресми және бейресми сипаттағы институттар, жастар еңбек нарығына қызмет көрсететін, оның қызмет етуін қамтамасыз ететін және еңбек нарығындағы жастардың жағдайына ерекше назар аударатын ұйымдар жиынтығы ретінде түсіндірілген.

Және де сонымен қатар жастар еңбек нарығында қолданылатын инфрақұрылымның элементтеріне қазіргі көзқарастар берілген. Мақалада авторлар инфрақұрылымды алты элементке бөлген, онда мемлекеттің жастарды жұмысқа орналастыру бойынша дайындалған нормативтік-құқықтық актілердің іске асырылуы барысындағы кедергілер; жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдардың атқаратын қызметтерін жүйелеу маңыздылығы; білім беру саласында сапалы білім берудің қолжетімділігін шектеумен, білім беру қызметтерін тұтынушылардың болжамдарымен, сапалы білімнің құлдырауымен, оқу орындары мен бизнес саласындағы еңбек нарығындағы серіктестік қатынастардың белсенді түрде дамуымен байланысты елеулі өзгерістер орын алуы өзекті мәселе болып отыр; әлеуметтік қорғау және жұмысқа орналастыру саласындағы мәселелер, атап айтқанда жастарды еңбек саласына сәтті түрде тартылуын қамтамасыз ету үшін жастарға арналған әлеуметтік қорғау шараларын іске асыру қажеттілігі көрсетілген.

Кілт сөздер: инфрақұрылым, еңбек нарығы, жұмыссыздық, халықаралық қоғамдастық, механизмдер, еңбек нарығының субъектілері, жастар еңбек нарығы, толық жұмыс уақыты, жұмысқа орналастыру, инфрақұрылым.

Ключевые слова: инфраструктура, рынок труда, безработица, международное сообщество, механизмы, субъекты рынка труда, молодежный рынок труда, полная занятость, трудовые ресурсы, занятость, инфраструктура.

Keywords: infrastructure, labor market, unemployment, international community, mechanisms, labor market actors, youth labor market, full employment, labor resources, employment, infrastructure.

Кіріспе. Жастарды жұмысқа орналастыру процесін қазіргі заман тұрғысынан түсіну кеңестік кезеңдегі түсініктен айтарлықтай ерекшеленеді. Ол заманда мемлекет жастарды жұмыспен қамтып, оған кепілдік беретін еді. Жұмысқа орналасуды теориялық тұрғыдан түсіну де еліміздегі жұмысқа орналасу процесінің өзінде болған өзгерістерге байланысты бірқатар өзгерістерге ұшырады.

Сонымен қатар айта кетуге болады «толық жұмыс уақытында жұмысқа орналасу» және

«толық емес жұмыс уақытқа жұмысқа орналасу» деген ұғымдар да бар. Дамыған елдерде әрбір төртінші жұмыс істеуші толық емес жұмыс күніне жұмысқа орналасады.

Зерттеудің мақсаты. Қазақстандағы жастарды жұмыспен қамтуға қазіргі замандық түсінік бере отырып, жастардың еңбек нарығы инфрақұрылымын оның элементтерін іске асырудың нақты тетіктерін анықтау болып табылады.

Қойылған мақсатқа қол жету үшін төмендегідей міндеттерді шешу көзделді:

- жастарды жұмыспен қамтуға байланысты теоретиктердің қазіргі заманғы көзқарастарына теориялық шолу жасау;

- еңбек нарығы инфрақұрылымын оны ұйымдастыру-құқықтық нысандарын анықтау;

- еңбек нарығы инфрақұрылымының элементтерін ашу.

Зерттеу әдістері. Экономикалық әдістер, оның ішінде салыстырмалы талдау, қойылған міндеттерді шешу кезінде экономикалық құбылыстардың мәнісін танудың диалектикалық әдісі пайдаланылды.

Жұмысқа орналастырудың қазіргі заманғы түсінігі мынадай: «жұмысқа орналастыру» – жұмыспен қамту саласында әлеуметтік саясатты жүзеге асыру кезінде азаматтардың, жұмыс берушілердің және мемлекеттің мүдделерін ескерумен мемлекеттік және өзге өкілетті органдардың оған жұмыс табу және орналастыру бойынша қызметтер көрсетуі арқылы жұмыспен қамтуға жәрдемдесу тәсілі боп табылатын азаматтардың еңбек және жұмыспен қамту саласындағы құқықтарын іске асыру кепілдігі» Яғни қазіргі уақытта жұмысқа орналастыру процесі әлеуметтік құрамдастарды белсенді түрде көрсетеді, алайда жұмысбастылықты қамтамасыз ету кепілдіктеріне залалы да жоқ емес.

Осылайша, жұмысқа орналастыру саласында іске асырылатын мемлекеттік саясаттың бағыттары елеулі өзгерістерге ұшырады. Бұл, ең алдымен, барлық қадамдарды анық айқындаған жастарды әкімшілік бөлуден бастап жұмысқа орналастыру барысында мемлекеттік қатысуды толық жойғанға дейін дерлік көшумен және барлық жауапкершілік пен бастамаларды жастардың өзіне ауыстырумен байланысты болды. Алайда, бір жағынан, кәсіби салада белгілі бір тәжірибенің, біліктіліктің болмауы салдарынан, екінші жағынан, жас мамандарды жұмысқа орналастыруға жұмыс берушілердің қызығушылығы болмауы салдарынан, жастар үшін олардың еңбек нарығындағы жағдайының нашарлауы, жұмыссыздықтың, тиімсіз жұмыспен қамтудың өсуі және т.б. орын алды. Қазіргі уақытта мемлекет тарапынан еңбек, жұмыссыздықтан қорғау, кемсітушілікке тыйым салу, еңбекті қорғау және еңбек қауіпсіздігі және т.б. көбіне толық шамада орындалмайтын әртүрлі құқықтар реттемесі ғана байқалады, бұл оларды іске асырудың шынайы механизмдерінің бол-

мауымен, дұрыс әзірленбеуімен байланысты [1]. Алайда дағдарыстық құбылыстар еңбек нарығындағы халықтың, соның ішінде жастардың да жағдайын тұрақтандыру бойынша бірқатар нормативтік-құқықтық құжаттардың қабылдануына, жұмыссыздық бойынша жәрдемақы мөлшерінің ұлғайтылуы, еңбек нарығында қосымша іс-шаралар жүргізу, нарықтағы шиеленісті азайту жөніндегі дағдарысқа қарсы бағдарламаны және басқаларын іске асыруға себеп болды.

Әдебиеттік шолу. Жұмыспен қамтуға байланысты теоретиктердің көзқарастарына тоқталып кететін болсақ. Жастарды жұмысқа орналастыру процесін қазіргі заман тұрғысынан түсіну кеңестік кезеңдегі түсініктен айтарлықтай ерекшеленеді. Ол заманда мемлекет жастарды жұмыспен қамтып, оған кепілдік беретін еді. Жұмысқа орналасуды теориялық тұрғыдан түсіну де еліміздегі жұмысқа орналасу процесінің өзінде болған өзгерістерге байланысты бірқатар өзгерістерге ұшырады. Сонымен, Ф.А. Хайек жұмысқа орналастыруға былайша анықтама берген: «азаматтардың ерікті түрде өз еркін білдіруі негізінде еңбек не оқу шартын жасаумен тоқталатын ерекше құқықтық қатынастардың туындауын білдіретін азаматтарды жұмыспен (кәсіпорындарды кадрлармен) оперативтік түрде қамтамасыз етуге мемлекеттік және қоғамдық органдардың жүзеге асыратын жоспарлы жәрдемі» [2]. Көріп отырғанымыздай, 1960 жылдары жұмысқа орналастыру процесі халықты еңбек әрекетіне тартудың тек қана әкімшілік әдістерін ескерумен еңбек бойынша жоспармен жүрумен шартталған реттеленген сипатта болған, бұл елдегі еңбек ресурстарының теңгерімін қамтамасыз етті.

Отандық ғалым Р.Ә. Байжолова өзінің монографиясында «Толық жұмыспен қамту – еңбекке жарамды барлық еңбек ресурстарын толық пайдалану болып табылады. Бірақ толық жұмыспен қамтылу өнімді болса ғана ол экономика үшін тиімді бола алады» деп анықтама берген. Бұдан жұмыспен қамту мәселесі қызметкерлердің еңбек нарығын, ең алдымен, сұраныс пен ұсыныстың арақатынасын есепке алатын жұмыс күшін сатып алу-сату механизмі ретінде зерттейтіндігін көруге болады [3].

Тажигулова Ж.Ж. «Жастарды жұмысқа орналастыруға анықтама бере отырып, оның бірнеше түрлерін: территориялық, салалық, кәсіптік,

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

жас мөлшерлік, біліктілік бөліп көрсетеді [4].

Сонымен қатар айта кетуге болады «толық жұмыс уақытында жұмысқа орналасу» және «толық емес жұмыс уақытқа жұмысқа орналасу» деген ұғымдар да бар. Дамыған елдерде әрбір төртінші жұмыс істеуші толық емес жұмыс күніне жұмысқа орналасады.

Халықаралық еңбек ұйымы тұлғасындағы Халықаралық қоғамдастық 1960 жылдардың өзінде еңбек нарығының сипаттамаларын, инфрақұрылымдарын белсенді түрде зерттеп, мынадай түрде анықтама берген болатын: «еңбек нарығының инфрақұрылымы – еңбек нарығына қызмет көрсететін және оның қызмет етуін қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-құқықтық нысандардың, түрлі институттардың, ұйымдардың жиынтығы».

Біздің ойымызша, бұл анықтама инфрақұрылым мәнін біршама толық көрсетеді, алайда бұл түсіндірме инфрақұрылымның маңызды сипаттамаларының бірін ескермейді, бұл – оның элементтерінің қызмет етуінің тиімділігі, ол жұмыспен қамтуды көтеру және жұмысқа орналастырудың жағымды жағдайын жасау сияқты еңбек нарығындағы жұмыспен қамту саясатының мақсаттарына жетуді қамтамасыз ететін қажет фактор боп табылады.

Негізгі бөлім. Еліміздегі жастар қазіргі кездегі еңбек нарығының талаптарына сәйкес келеді, дегенмен еңбек нарығын реттеу бойынша кейбір дәстүрлі әдістердің қолданылуы жастардың еңбек нарығы инфрақұрылымын дамытуға кедергілер келтіреді және ол жастардың талаптарын қанағаттандырмайды.

Жастардың еңбек нарығы инфрақұрылымын – ұйымдастыру-құқықтық нысандар, әртүрлі ресми және бейресми сипаттағы институттар, жастар еңбек нарығына қызмет көрсететін, оның қызмет етуін қамтамасыз ететін және еңбек нарығындағы жастардың жағдайына ерекше назар аударатын ұйымдар жиынтығы ретінде түсінетін боламыз.

Еңбек нарығы инфрақұрылымының элементтері:

1. Заң шығарушы және реттеуші функцияларға ие мемлекет.

Еңбек нарығы инфрақұрылым элементтерінің бірі ретіндегі мемлекеттің негізгі мақсаты – нормативтік-құқықтық актілерді дайындау оны іске асыратын ортаны қалыптастырады,

оның аясында жекелеген ұйымдар мен индивидтер стратегияларын іске асырады, сонымен қатар күллі нарық және оның құрылымдық бөлімдерінің қызметі жүзеге асырылады. Осылайша, Мемлекет тікелей және жанама әсер ету арқылы еңбек нарығы қатысушылары үшін әрекеттің қандай да бір шекараларын жасайды, бұл ретте Қазақстанға қатаң нормативтік реттеу тән. Алайда қабылданған заңнамалық-құқықтық актілерді орындау және атқару механизмдері жөнінен кемшіліктер ресми «қағидалардың» әсерінің төмендеуіне және нарықтағы әрекет-тестіктің бейресми нысандарының дамуына септеседі, бұл жасырын жұмыссыздық жайлы статистикалық деректермен де, жұмыс беруші тарапынан бақыланатын нақты міндеттемелерді бұзушылықтармен де және т.б. расталады [5].

Институционалдық теорияға сәйкес «мемлекет институционалдық ортаның генераторы боп табылады, ол шаруашылық субъектілердің таңдауын шектеуді айқындайды, оларды ынталандырылу және оларға басымдылық беру құрылымын қалыптастырады, қызмет бағыттары бойынша оңтайландыру дәрежесіне әсер етеді, әрекеттер үйлестігін қамтамасыз етеді және тәуекел мен анықсыздық дәрежесін төмендетеді». Демек, мемлекет, бір жағынан, экономикалық ахуалды тұрақтандыруға бағытталған «ойын ережесін» жасайды. Ал екінші жағынан, еңбек нарығында өз әрекеттерін іске асыру немесе ондағы жағдайға немқұрайлылық таныту арқылы аталмыш нарықтағы қатысушыларының мүдде қақтығысын тудыруы мүмкін. Бұл жағдайлар еңбек нарығындағы «ережелердің» қалыптасуын ынталандырады немесе мемлекеттің еңбек нарығында болып жатқан құбылыстарға бей-жай қарауы салдарынан бұл нарықтың жағдайды тұрақсызданады. Осы жағдайларды ескеретін болсақ; біріншіден, мемлекет нарықтың әлеуметтік және экономикалық процестеріне айтарлықтай белсенді түрде араласады; екіншіден, мемлекет еңбек нарығы мен экономиканың өздігінен реттелуіне көмектесіп, шамадан тыс араласуы шектей отырып, тек бағыт көрсету қызметтерін атқарушы субъект ретінде қарастырылады. Бірінші жағдайда нарықтың реттелуі, мемлекеттің субъект ретінде емес, жоғары тұрған орган ретінде монополиясын, ал екінші жағдайда, керісінше, нарықтық күштер әрекетінен бөлектену және араласпауды

байқауға болады, алайда мемлекеттің нарыққа орташа деңгейде қатысуы бірқатар әлеуметтік мәселелердің өсуін тежейді.

Еңбек нарығында мемлекет – жұмысшылар мен жұмыс берушілер қатынасының негізгі реттеуші ретінде белсенділігінің күшеюі және төмендеуіне байланысты қажеттігі мәселесі алғашқы экономикалық мектептердің пайда болған кезінен бері әлі де өзекті. Сонымен, мысалы, кейнсиандық экономикалық теория мемлекеттің нарықта міндетті түрде болуына назар аударған, ал классикалық мектеп керісінше экономикаға араласуға қарсы шыққан. Қазақстанның еңбек нарығы үшін заңнамалық негіздерді дайындау және қабылдау, мақсаттар мен міндеттерді қою мәселелерінде мемлекеттің қатысуы тән, бірақ олардың шынайы орындалу механизмдерін қамтамасыз етудің нақты құралдары жеткіліксіз деп есептейміз.

Сондықтан да, нормативтік-құқықтық құжаттардың айтарлықтай мөлшері қабылданғанына қарамастан, еңбек нарығындағы өзара әрекеттестік көбіне жұмысшылардың жұмыс берушілермен және басқа да нарық қатысушыларымен әрекеттестігі кезінде қалыптасып жатқан және қалыптасқан бейресми «ережелері аясында орын алады. 3-қосымшада еңбек нарығы субъектілерінің мінез-құлқын реттейтін заңнамалық негіздер базасы жүйеленген.

2. Еңбек нарығы және жұмыспен қамту саласындағы ұйымдар (мемлекеттік және мемлекеттік емес).

Инфрақұрылымның аталған элементі еңбек нарығында халықтың жұмыспен қамтылуының өсуіне, жұмыссыздық пен еңбек нарығындағы шиеленістің төмендеуіне оң әсер ететін әрекетті жүзеге асыратын мемлекеттік әрі мемлекеттік емес әртүрлі ұйымдастырушылық-құқықтық нысандар ұйымдарының жиынтығы. Қазақстандық еңбек нарығында қазіргі уақытта әрекет ететін негізгі ұйымдар ретінде ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі, оның құрамындағы бірқатар департаменттер, мысалы,

Әкімшілік жұмыс департаменті, халықаралық ынтымақтастық және интеграция департаменті, заң қызметі департаменті, стратегиялық даму департаменті, әдеп жөніндегі уәкіл, еңбек және әлеуметтік әріптестік департаменті, халықты жұмыспен қамту және еңбек нарығын дамыту департаменті, әлеуметтік көмек депар-

таменті, әлеуметтік қамсыздандыру және әлеуметтік сақтандыру департаменті, әлеуметтік қызметтер департаменті, техникалық қамсыздандыру және ақпараттық қауіпсіздік департаменті, ішкі бақылау департаменті, мемлекеттік құпияларды қорғау және жұмылдыру жұмысы басқармасы. Сонымен қатар, министрліктің құрамында еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитеті жұмыс жасайды.

Еңбек нарығы бойынша дағдарыстық ахуал салдарын ескеру, жұмыспен қамту шараларын іздестіру және дамыту қажеттігі қоғамдық талаптарға сәйкес үнемі жаңартуды талап етеді. Осындай әлеуетке компаниялар, ұйымдар, фирмалар тұлғасындағы жұмыс берушілермен әрекеттестікте оқу орындары тұлғасындағы білім беру саласы ие. Оқу орындары кадрлық және білім беру қажеттіліктерін ескерумен ұзақ мерзімдік қарым-қатынас құру арқылы түлектерді жұмысқа орналастыру процестерін белсендіруге қабілетті. Жұмыс берушілер өз кезегінде кадрлық тапшылықты күте отырып, білім беру процесінің көбірек тәжірибелік бағдар алуына, жүйелер, іс-тәжірибелер мен тағылымдамалардың бекітілуіне мүмкіндіктер қалыптастырады. Олар жоғары оқу орындарымен әрекеттестікті дамытуға мүдделі, бұл кәсіптік салада қажет дағдылар мен тәжіриелік білімдердің жинағына ие жас маманды қалыптастыруға мүмкіндік береді [6].

Осылайша, еңбек нарығын дамыту, оны жетілдіруде, оның икемділігін арттыруда еңбек нарығы және жұмыспен қамту саласындағы мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар маңызды рөл атқарады.

3. Білім беру саласы.

Қазіргі уақытта білім беру саласында сапалы білім берудің қолжетімділігін шектеумен, білім беру қызметтерін тұтынушылардың болжамдарымен, сапалы білімнің құлдырауымен, оқу орындары мен бизнес саласындағы еңбек нарығындағы серіктестік қатынастардың белсенді түрде дамуымен байланысты елеулі өзгерістер орын алуда.

Білім беру жүйесі кадрларды даярлау және қайта даярлаудың қосалқы жүйелерін қоса алғанда бастауыш кәсіптік білім беру жүйесі, орта кәсіптік білім беру жүйесі және жоғары кәсіптік білім беру жүйесінен тұрады. Біздің зерттеу жоғары кәсіптік оқыту саласының даму ерекшеліктерін қарау тұрғысынан іске асыры-

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

лады, бұл, бір жағынан, аталған саладағы мәселелердің ушығуымен және айтарлықтай өсуімен, көбінесе жоғары білімді тұлғалар арасында жұмыссыздықтың өсуімен, екінші жағынан, зерттеудің мәселені нақты бір сала аясында, бірақ жан-жақты зерделеуге зейін қоюы қажеттігімен шартталған.

Жоғары кәсіптік білім беру саласының негізгі мәселелерді келесілермен түсіндіруге болады. Біріншіден, бұл жоғары білім алу процесін қабылдауды көрсететін жастар тарапынан болатын болжам. Мысалы, жастар арасында жоғары білім туралы диплом «сауалнама алынған 15-35 жастағы азаматтар арасында 53%» жақсы жалақы төлейтін жұмыс табу мүмкіндігі ретінде

ғана қарайды. Мұндай түрдегі болжамдар мемлекеттік емес жоғары оқу орындарының және жеке меншік білім мекемелері санының өсуіне, сол сияқты жоғары біліммен қамтылған халық үлесінің көбеюіне септеседі.

Екіншіден, осының салдарынан жоғары білім беруде оның сапасына залал келтіретін бағдарламалар жаппай ұсыныла бастайды. Білім беру деңгейі әлеуетті жұмысшылардың кәсіптік сапасына қатысты еңбек нарығы үшін қандай да бір «белгі» болуын қояды, сондықтан да жұмыс берушілер өз назарын, ең алдымен, ізденушінің дипломы мен ондағы бағаларына емес, кәсіптік саладағы тәжірибесіне аударатын болады (1-кесте)

1-кесте

**Жұмыс беруші көзқарасы
тұрғысынан ізденуші сипаттамаларының рейтингі***

№	Сипаттамалар	Көрсеткіштер
1	Еңбек кітапшасындағы жазбалар	4,2
2	Басқа жұмыс орындарынан пікірлер	3,9
3	Жоғары оқу орнының беделі, белгілі болуы	3,6
4	Пәндер жинағы	2,9
5	Диплом қосымшасындағы бағалар	2,8

** Кесте авторлармен құрастырылған*

Үшіншіден, осының салдарынан ұсынылатын білім беру қызметтерінің сапасы төмендеп кетті, оған сәйкес жұмыс берушілердің студенттермен және түлектермен әрекеттесуге дайындығының төмендеуі орын алады. Сонымен қатар, біршама толығырақ ақпарат бере алатын жарнамалық материалдар, тәуелсіз рейтингтер Қазақстанда енді ғана қалыптасып келеді.

Осылайша, қазіргі уақытта қазақстандық білім беру жүйесі реформалау жағдайында тұр, мемлекеттік деңгейде оның дамуының алдағы стратегиясын айқындау жүріп жатыр. Алайда білім беру қызметтері сапасының төмендеп кетуі, орта сападағы білімнің қолжетімділігінің бұқаралық сипаты, еңбек нарығындағы жұмыс берушілер мен жастардың болжамы, ақпараттық асимметрия – осының бәрі түлектердің жұмысқа орналасуға қатысты «сенімділігінің» пайда болуының және әлемдік деңгейде қазақстандық білім берудің бәсекеге қабілеттілігінің көтерілуінің тежеуші факторлары болып табылады. Бұл шетелде қазақстандық дипломдардың қабылдануына да, қазақстандық

білімнің абыройына да кері әсерін тигізеді [7].

4. Әлеуметтік қорғау және жұмысқа орналастыру саласы.

Халықтың ерекше санаты ретінде жастар кәсіптік және жеке тұлғалық, кәсіптік бағдар алу, жұмысқа орналасу, білім беру, баспанамен, әлеуметтік кепілдіктермен, медициналық қызметтермен қамтамасыз ету мәселелері тұрғысынан өз тағдырын өзі шешуге қатысты көптеген әсерлерді бастан өткереді. Сонымен қатар, ата-ана білімі, ақпаратқа қолжетімділік, өмір сүру деңгейі, және де отбасындағы табыс деңгейі, жастарға кәсіптік бағдар беру жөніндегі бағдарламалардың әртүрлілігі және сапасы, білімнің қолжетімділігі, бағдарламалар, жұмыспен қамтуға жәрдем және жұмыс жасауға тартылу, жұмыссыздық жағдайында қолдау және қорғау және басқалары, осы факторлардың барлығы әртүрлі дәрежеде еңбек нарығында жастардың жүріс-тұрысының алдағы стратегияларына әсер етеді [8].

Сондықтан да оның еңбек саласына сәтті түрде тартылуын қамтамасыз ету үшін жастарға

арналған әлеуметтік қорғау шараларын іске асыру қажет. Әлеуметтік қорғау деп «адамның әлауқаты нашарлауы, денсаулығы мен өміріне қауіп төну, оған тәуелсіз себептерден еңбек әлеуетін іске асыру мүмкін болмауы салдарынан оны экономикалық, әлеуметтік, физикалық құлдыраудан шынайы қорғайтын құқықтық кепілдіктер мен қорғау шаралары жүйесін» атайды [9].

5. Еңбек нарығы институттары.

Еңбек нарығы оның қатысушылары арасындағы ресми және бейресми байланыстар мен қарым-қатынастар арқылы қызмет етеді және дамиды, бұл ретте ресмилер қолданыстағы бірқатар нормативтік және заңнамалық актілермен шартталған, ал бейресмилер – қалыптасқан мінез-құлық дәстүрлерімен, осы тұрғыдан алып қарағанда еңбек нарығының институционалдық құрамдасы зерттеушілер назарына бұрынға қарағанда жиі шалынуда. Осылайша, еңбек нарығының институционалдық құрамдасын түсіну нарықтың әлеуметтік және жүріс-тұрыс аспектілерін ерекшелеуге мүмкіндік береді, олар, бір жағынан, бейресми негізде орын алатын жұмысқа алу кезіндегі әртүрлі кемсітушіліктер сияқты жағымсыз аспектілерге ұрындыруы мүмкін, ал екінші жағынан, жұмыссыздықты төмендетуге, жұмыспен қамту деңгейінің көтерілуіне, жұмыс берушілердің кадрлық қажеттіліктерінің қанағаттандырылуына және т.б. септесетін қатысушылардың стратегияларын іске асыруда олардың әрекеттестігінің тиімді механизмдерін енгізуді қамтамасыз ете алады.

6. Еңбек нарығының субъектілері.

Еңбек нарығының субъектілері ретінде жұмысшыларды, жұмыс берушілерді, сондай-ақ кәсіподақтар – жұмыс берушілер одақтары түріндегі олардың өкілдік органдарын ерекшелеу қабылданған. Бірқатар экономистер ерекше нарық субъектісі ретінде мемлекетті де ерекшелейді. Алайда, біздің ойымызша, қоғам дамуының заманауи кезеңінде еңбек нарығының ерекше сараланымы ретінде мемлекеттен бөлек

білім беру жүйесін де қарастыру қажет [10]. Біздің ұстанымымыз, ең алдымен, жұмыспен қамту саласында жүргізілетін мемлекеттік саясатты талдауға негізделеді, ол жұмыспен қамту қызметтерімен әрекеттестікте жастарды жұмысқа орналастыру барысына да, ұйымдар жұмысшыларын, жұмыссыз азаматтарды даярлау және қайта даярлаудың әртүрлі деңгейлерін қоса алғанда білім берудің үздіксіз жүйелеріне негіз қалай отырып та, оқу орындарын белсенді түрде қатарына алады. Сонымен қатар, дәл осы білім беру мекемелері аталған нарықтың кадрлық әлеуетін құратын еңбек нарығындағы қандай да бір делдалға айналады.

Қорытынды. Жоғарыда мазмұндалған зерттеу нәтижелері бойынша келесідей қорытынды жасауға болады: қазіргі уақытта басты экономикалық және әлеуметтік міндеттерді орындау үшін, соның ішінде жұмыспен қамту саласында мемлекет, бизнес және білім беру жүйесі әрекеттестігінің әртүрлі нысандарының дамуы байқалуда, ал еңбек нарығы инфрақұрылымы мұндай әрекеттестік үшін базалық жағдайлар жасауға бағытталу керек.

Осылайша, жалпы жастар еңбек нарығының қалыптасып болғанына және жастар үшін еңбек нарығында жағымды жағдайды дамытуға көмектесетін әлеуетке ие екенін атап өтуге болады. Алайда оның элементтерінің қызмет етудегі шашыраңқы үрдістер, жастардың жекелеген санаттарын жұмысқа орналастыруға бағытталған, сондай-ақ жұмыссыздықты төмендетуге бағытталған жастарға арналған мамандандырылған бағдарламалардың болмауы – осының бәрі мемлекеттің еңбек нарығында жүргізіп отырған жұмыспен қамту саласындағы саясат тиімділігінің төмендеуіне алып келеді. Біздің зерттеу жұмысымызда аталмыш нарықтың инфрақұрылым элементтерін талдай отырып, әр элементте қандай шаралар жасау керек екендігі ұсынылды. Сонымен қатар, еңбек нарығында «әрекеттестіктің базалық ережелерін» қалыптастыруда мемлекеттің негізгі рөл атқаратындығы көрсетілді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Сабирова Р.К. Заманауи қоғамда жастар арасындағы жұмыссыздықты шешу жолдары / Р.К. Сабирова, Б.С. Кружиев, А.Д. Мукашева // ҚазҰУ хабаршысы = Вестник КазНУ. Экономика сериясы. – 2016. – № 6. – 93-98 б.
2. Хайек Ф.А. Безработица и денежная политика. Правительство как генератор делового цикла // Экономические науки. – 1991. – № 11. – С. 57-66.

Менеджмент және маркетинг / Менеджмент и маркетинг

3. Байжолова Р.А. Жаһандану және ұлттық еңбек нарығы: өзара байланысы мен жұмыспен камту мәселесі Монография: Астана, Л.Н. Гумелев атындағы ЕҰУ. – 2012. – Астана. – 400 б.
4. Тажиғұлова Ж.Ж. Еңбек нарығы экономикасы, оқу құралы, ҚазҰАУ. – Алматы. – 2012. – 201 б.
5. Әбжан Ж.К., Аскарова Т.М., Жуматаева Б.А. Жастар жұмыссыздығын төмендетудің механизмдері және модельдері: қазақстандық және шетелдік тәжірибеде // ҚазЭҚХСУ Жаршысы // Нұр-Сұлтан. – 2020. – №1. – 195-204 б.
6. Молдажанова А.А., Джумажанова Г.К., Аманова А.К., Кокораева А.К. Совершенствование механизма трудоустройства молодежи в Содружестве независимых государств в глобальном контексте. Журнал предпринимательского образования. – 2019. – Том 22, выпуск 1. – С. 1-13.
7. Бекжанова Т.К. Элементы инфраструктуры рынка труда казахстана // IV оразов оқулары: ұлы жібек жолы мұрасы: өркениет диалогы. өткеннен болашаққа. Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция еңбектер жинағы. 16 қараша 2018 ж. – Шымкент қ. Silk Way Халықаралық университеті. – 2018. – 218-224 б.
8. Абжан Ж.К., Бекжанова Т.К., Ешпанова Д.Д. Современные тенденции безработицы среди молодежи в Казахстане, доклады Национальной академии наук Республики Казахстан. ISSN 2224-5227. – 2018. – Том 4, номер 320. – С. 95-102.
9. Балабанова А. Переход к социально-ориентированной модели экономического роста // Человек и труд. – 2016. – №4. – С. 11-15.
10. Абжан Ж.К., Амирбекулы Е., Ешпанова Д. Проблемы занятости молодежи на рынке труда Казахстана, Espacios, Венесуэла. – Том 40. Выпуск 42 7(4). – 2019. – С. 30-37.

REFERENCES

1. Sabirova RK. Ways to solve youth unemployment in modern society / R.K. Sabirova, B.S. Kruzhiyev, A.D. Mukasheva // KazNU Bulletin = Bulletin of KazNU. Economics series. – 2016. – № 6. – P. 93-98.
2. Hayek F.A. Unemployment and monetary policy. Government as a business cycle generator // Economic Sciences. – 1991. – No. 11. – P. 57-66.
3. Baizholova R.A. Globalization and the national labor market: the problem of interrelationship and employment monograph: Astana, Enu named after L.N. Gumelev. – 2012. – Astana. – 400 p.
4. Tazhigulova Zh.Zh. Labor market economics, textbook, KazNAU. – Almaty. – 2012. – 201 p.
5. Abzhan Zh.K., Askarova T.M., Zhumataeva B.A. Mechanisms and models of reducing youth unemployment: in Kazakhstan and foreign practice, Bulletin of the Kazakh University of economics, finance and international trade // Nur-Sultan. – 2020. – No. 1. – P. 195-204.
6. Moldazhanova A.A., Dzhumazhanova G.K., Amanova A.K., Kokoraeva A.K. Improving the mechanism of youth employment in the commonwealth of independent states in the global context // Journal of Entrepreneurship Education. – 2019. – Volume 22, Issue 1. – P. 1-13.
7. Bekzhanova T.K. Elements of the labor market infrastructure of Kazakhstan // IV Orazov readings: heritage of the Great Silk Road: dialogue of Civilizations. collection of works of the International Scientific and practical conference from the past to the future. November 16. 2018. – International University of the Silk Road, Shymkent. – 2018. – 218-224 b.
8. Abzhan Zh.K., Bekzhanova T.K., Yeshpanova D.D. Modern trends of youth unemployment in Kazakhstan, reports of the national academy of sciences of the republic of Kazakhstan. ISSN 2224-5227 – Volume 4, Number 320. – 2018. – P. 95-102.
9. Balabanova A. Transition to a socially-oriented model of economic growth // Man and labor. – 2016. – №4. – С. 11-15.
10. Abzhan Zh.K., Amirbekuly E., Yeshpanova D. Youth employment problems in the labor market of Kazakhstan, Espacios, Venezuela. – Vol. 40 (Issue 42) 7(4). – 2019. – P. 30-37.

**КОНЦЕПТУАЛЬНЫЕ ВЗГЛЯДЫ К ЗАНЯТОСТИ
МОЛОДЕЖИ И ИНФРАСТРУКТУРЕ РЫНКА ТРУДА**

Аннотация

В научной статье рассмотрены перспективы и перспективы применения государственной политики при трудоустройстве молодежи Казахстана. Комментируя трудоустройство молодежи, отмечаются проблемы, по которым молодежь не может найти работу по своей специальности.

В работе инфраструктура молодежного рынка труда трактуется как совокупность организационно-правовых форм, различных институтов формального и неформального характера, организаций, обслуживающих молодежный рынок труда, обеспечивающих его функционирование и уделяющих особое внимание положению молодежи на рынке труда.

Также даны современные подходы к элементам инфраструктуры, используемой на молодежном рынке труда. В статье авторы разделили инфраструктуру на шесть элементов, в которых барьеры государства в ходе реализации подготовленных нормативно-правовых актов по трудоустройству молодежи; актуальным вопросом является важность систематизации деятельности государственных и негосударственных организаций в сфере занятости; в сфере образования произошли существенные изменения, связанные с ограничением доступности качественного образования, прогнозами потребителей образовательных услуг, падением качественного образования, активным развитием партнерских отношений на рынке труда в сфере учебных заведений и бизнеса; обозначены вопросы в области социальной защиты и трудоустройства, в частности, необходимость реализации мер социальной защиты для молодежи для обеспечения успешного вовлечения молодежи в сферу труда.

Zh. Abzhan, N. Shaikeno,va, T. Askarova

**CONCEPTUAL APPROACHES TO YOUTH EMPLOYMENT
AND LABOR MARKET INFRASTRUCTURE**

Annotation

The research article analyses the significance and prospects of applying a state policy in the field of youth employment in Kazakhstan. Commenting on the employment of young people, it highlights the problems due to which young people cannot find work in their speciality.

The article explains the youth labor market infrastructure as a set of organizational and legal forms, institutions of various formal and informal nature, organizations that serve the youth labor market, ensure its functioning and pay special attention to the position of young people in the labor market.

Also given are modern approaches to the elements of infrastructure used in the youth labour market. In the article, the authors divided the infrastructure into six elements, which include obstacles to the implementation of the state's regulatory legal acts on youth employment; the importance of systematizing the activities of the state and non-governmental organizations in the field of employment; the problem of significant changes in the education sector is related to the restriction of access to quality education, the forecast of consumers of educational services, the decline of quality education, and the active development of partnership relations in the labor market in the field of educational institutions and business; issues in the field of social protection and employment, in particular, the need to implement social protection measures for young people to ensure successful involvement of young people in the labor sphere, are highlighted.

